

«Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті» РМК ҚР Б және ҒМ	Рухани-адамгершілік тәрбие жөніндегі кеңес туралы ереже	ПП 69 - 2018 01 нұсқа Күні 2018.09.05 11 беттің 10-беті
---	---	--

Бекітемін  
ҚарМТУ РМК Ректоры  
\_\_\_\_\_ М. Ибатов  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2018 ж.

## РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ ЖӨНІНДЕ КЕҢЕС ТУРАЛЫ

---

### ЕРЕЖЕ

ПП 69 - 2018

Әзірлеген: КМД директоры,  
Заң ғылымдарының магистрі  
\_\_\_\_\_ М. Кожухова

Дана № \_\_\_\_\_

Көшірме № \_\_\_\_\_

Қарағанды

«Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті» РМК ҚР Б және ҒМ	<b>Рухани-адамгершілік тәрбие жөніндегі кеңес туралы ереже</b>	ПП 69 - 2018 01 нұсқа Күні 2018.09.05 11 беттің 10-беті
--	--	--

## Мазмұны

1 Қолдану аймағы	3
2 Нормативтік сілтемелер	3
3 Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар	3
4 Жауапкершілік және өкілеттік	4
5 Жалпы ережелер	4
6 Сипаттама	4
7 Құжатқа өзгерістер енгізу	7
8 Келістіру және әрекетке енгізу	7
9 Құжатты тираждау және тарату	7
10 Сақтау	7
А қосымшасы	8
Б қосымшасы Келісім парағы	9
В қосымшасы Танысу парағы	10
Библиография	11

«Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті» РМК ҚР Б және ҒМ	<b>Рухани-адамгершілік тәрбие жөніндегі кеңес туралы ереже</b>	ПП 69 - 2018 01 нұсқа Күні 2018.09.05 11 беттің 10-беті
--	--	--

## **1 Қолдану аймағы**

Рухани-адамгершілік тәрбие жөніндегі кеңес (одан әрі РАТК) туралы осы Ереже РАТК студент жастарды қазақстандық патриотизм, толеранттылық рухында тәрбиелеу, «Мәңгілік Ел» патриоттық актісінің негізгі ережелерін насихаттау, жалпы адамзаттық және ұлттық, мәдени, рухани және адамгершілік құндылықтар жүйесін игеру дағдыларын дамыту, сондай-ақ өзінің зияткерлік және кәсіби деңгейін жетілдіруге ұмтылу мақсатында Университет жанындағы қоғамдық ұйым болып табылатынын белгілейді.

Кеңестің жеке құрамын, оның ішінде оның Төрағасы мен орынбасарын Университет жұртшылығы ұсынады және ректордың бұйрығымен бекітіледі. Рухани-адамгершілік тәрбие жөніндегі кеңес тікелей тәрбие ісі жөніндегі проректорға бағынады.

РАТК туралы ереже ҚарМТУ сапа менеджменті жүйесі құжаттамасының жиынтығына кіреді.

## **2 Нормативтік сілтемелер**

Осы стандартта келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

МС ИСО 9000: 2015 Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік.

МС ИСО 9001: 2015 Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар.

ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар.

«Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

ҚарМТУ ДП 01-2018 Құжаттандырылған ақпаратты басқару.

## **3 Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар**

Осы Стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

- РАТК - Рухани-адамгершілік тәрбие жөніндегі кеңес;
- ҚарМТУ РГП - «Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті» РМК;
- КЕ - Кеңес туралы ереже;
- НҚ - нормативтік құжаттар;
- СМЖ - сапа менеджменті жүйесі;

«Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті» РМК ҚР Б және ҒМ	<b>Рухани-адамгершілік тәрбие жөніндегі кеңес туралы ереже</b>	ПП 69 - 2018 01 нұсқа Күні 2018.09.05 11 беттің 10-беті
---	--	--

- КМД - кадр мәселелері жөніндегі департамент;
- ЗҚ - заң қызметі.

#### **4 Жауапкершілік және өкілеттік**

Рухани-адамгершілік тәрбие жөніндегі Кеңес туралы Ережені әзірлеуге, оны келісуге, бекітуге, тіркеуге, қолданысқа енгізуге жауапкершілік пен өкілеттік былайша бөлінеді:

- Ережені әзірлеуге, атап айтқанда оның мазмұнына, құрылымына, ресімделуіне және енгізілуіне РАТК төрағасы жауапты болады;

- Рухани-адамгершілік тәрбие жөніндегі кеңес туралы Ереже сапа жөніндегі басшылық өкілімен, ТІ жөніндегі проректормен, ЗҚ басшысымен, ПОҚ және қызметкерлер кәсіподақ комитетінің төрағасымен келісіледі;

- РАТК туралы ережені ҚарМТУ ректоры бекітеді;

РАТК туралы бекітілген ережені Кеңестің тиісті мүшелерінің назарына жеткізу жауапкершілігі РАТК төрағасына жүктеледі. Танысу туралы жазба «Танысу парағында» (А қосымшасы) ресімделуі тиіс.

#### **5 Жалпы ережелер**

5.1. РАТК өз қызметін Конституцияға, ҚР Заңдарына, сондай-ақ Университет жарғысына сәйкес жеке дара және алқалық қағидаттарында жүзеге асырады.

5.2 Қайта құру ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады.

5.3 РАТК туралы Ережені Қазақстан Республикасының қолданыстағы «Білім туралы» Заңдарына, «Еңбек кодексіне», «Азаматтық кодекске», ҚарМТУ Жарғысына, ҚарМТУ ішкі еңбек тәртібі ережелеріне, «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңдарына сәйкес әзірленеді.

5.4 РАТК қызметін үйлестіруді ҚарМТУ-дың ТІ жөніндегі проректоры жүзеге асырады.

5.5 РАТК төрағасын ҚарМТУ-дың ТІ жөніндегі проректорының ұсынысы бойынша ҚарМТУ ректоры қызметке тағайындайды және босатады.

5.6 РАТК қызметін ТІ бойынша проректор бекіткен семестрлік жұмыс жоспарлары негізінде жүзеге асырады (А қосымшасы).

#### **6. Сипаттама**

6.1 РАТК басқарудың ұйымдастырушылық құрылымы келесі түрде ұсынылған: ТІ жөніндегі проректор – РАТК төрағасы - РАТК мүшелері - декандар, ТІ жөніндегі декандардың орынбасары, кураторлар.

«Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті» РМК ҚР Б және ҒМ	<b>Рухани-адамгершілік тәрбие жөніндегі кеңес туралы ереже</b>	ПП 69 - 2018 01 нұсқа Күні 2018.09.05 11 беттің 10-беті
--	--	--

6.2 Кеңес қызметі ҚР Конституциясына, республиканың жоғары оқу орындарында тәрбие және жастар саясатын дамыту мәселелері бойынша негіз қалаушы стратегиялық құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

6.3 РАТК қызметінің негізгі бағыттары:

- студент жастарды рухани-адамгершілік тәрбиелеу мәселелері бойынша тәрбие және түсіндіру-профилактикалық жұмыс процесін жүйелі және кәсіби жетілдіру, оның санасында халықтың рухани, мәдени-тарихи дәстүрлеріне негізделген адамгершіліктің негіз қалаушы қағидаттарын құру;

- студенттерді рухани-адамгершілік тәрбиелеу жөнінде өткізілетін ұйымдастыру іс-шараларының тиімділігіне жүйелі түрде мониторинг жүргізуді ұйымдастыру;

- азаматтық қоғам және тез өзгертін әлем жағдайында жеке және қоғамдық мәселелерді жасампаз шешуге қабілетті демократиялық, құқықтық, зайырлы және әлеуметтік мемлекеттің азаматы ретінде студенттерді тәрбиелеу;

- рухани-адамгершілік даму мәселелері бойынша жастарды тәрбиелеу жүйесінің жұмыс істеуін әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етуді жетілдіру;

- студенттер арасында осы тақырып бойынша мемлекеттік және өзге де уәкілетті органдар мен ұйымдардың өкілдерін (көрнекті қоғам қайраткерлерімен, этномәдени бірлестіктердің өкілдерімен, дін өкілдерімен, құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен және т. б. кездесулер) тарта отырып, руханият пен имандылықты қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру-алдын алу сипатындағы кең ауқымды және мақсатты жұмыс жүргізуді ұйымдастыру;

- жастар ортасындағы жағымсыз әлеуметтік процестерге қарсы тұру, студенттердің бейәлеуметтік мінез-құлық көріністеріне тыйым салу, конфессия аралық сипаттағы жағымсыз көріністерге жол бермеу;

- студент жастарды рухани-адамгершілік тәрбиелеу мәселелері бойынша семинарлар, «дөңгелек үстелдер» ұйымдастыру;

- студент жастарды қоғамдық, мәдени-бұқаралық, спорттық сипаттағы іс-шараларға және көркем өнерпаздыққа белсенді тарту бойынша жұмыстар жүргізу;

- деструктивті діни ұйымдардың қызметіне тартуға жол бермеу мақсатында студенттердің бос уақытын ұйымдастыру, жатақханада тұратын студенттердің әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін шешуге көмек көрсету;

- ҚарМТУ жатақханаларында мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру;

- Университет тарихы, оның көрнекті тұлғалары жөнінде іс-шаралар өткізу арқылы студенттерді университет дәстүрлерін құрметтеу рухында тәрбиелеу, осы жұмысқа ЖОО ардагерлерін тарту.

«Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті» РМК ҚР Б және ҒМ	Рухани-адамгершілік тәрбие жөніндегі кеңес туралы ереже	ПП 69 - 2018 01 нұсқа Күні 2018.09.05 11 беттің 10-беті
---	---	--

#### 6.4 РАТК құқықтары мен міндеттері:

РАТК мүшелерінің құқықтары мынадай:

- ректоратқа студенттермен тәрбие жұмысын жетілдіру, студенттердің оқуы мен демалысын ұйымдастыруды жақсарту бойынша ұсыныстармен жүгіну;

- ректоратқа студенттік топтардың үздік кураторларын, Кураторлар кеңесінің мүшелерін ынталандыру бойынша ұсыныстар енгізу.

- РАТК құзыреті шеңберінде өкімдерді, қызметтік жазбаларды, нұсқаулық хаттарды және бұйрықтарды дайындауға қатысу;

РАТК мүшелерінің міндеттері:

- кураторлық сағаттардың өткізілуіне, межелік аттестатаудың өтуіне, оқудың төленуіне және жатақханаларда тұруына мониторинг және бақылау жүргізу, бекітілген факультеттерде студент жастар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

- студенттердің бос уақытын ұйымдастыру, студенттердің оқуына және тұруына қатысты әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсарту бойынша ЖОО әкімшілігінің жұмысына қатысу;

- ай сайын ҚарМТУ ректорына атқарылған жұмыстар туралы есеп беру.

6.5 Ағымдағы мәселелерді талқылау үшін Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ айына кемінде бір рет өткізіледі.

6.5.1 РАТК отырыстарында тексеру нәтижелері, факультеттердегі профилактикалық және құқықтық тәрбие жұмысын талдау қарастырылады.

6.5.2. РАТК отырысында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды (қажет болған жағдайда хаттама көшірмесі талап етілген жерге беріледі).

#### 6.6 Лауазымдық жауапкершілік:

РАТК төрағасы тұлғасында Кеңес мүшелері төмендегілер үшін дербес жауапты болады::

- осы Ережеде көзделген функциялар мен міндеттерді уақтылы және сапасыз орындау;

- ректорға, проректорларға ақпаратты уақтылы емес және сапасыз ұсыну.

#### 6.7 РАТК мүшелерін ынталандыру:

Жұмыс нәтижелері бойынша РАТК төрағасы мен мүшелерін тәрбие жұмысына және құқық бұзушылықтардың алдын алуға белсенді қатысқаны үшін ректор көтермелейді: алғыс жариялау; ақшалай сыйақы.

«Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті» РМК ҚР Б және ҒМ	<b>Рухани-адамгершілік тәрбие жөніндегі кеңес туралы ереже</b>	ПП 69 - 2018 01 нұсқа Күні 2018.09.05 11 беттің 10-беті
--	--	--

## **7 Құжатқа өзгерістер енгізу**

ӨЖ-ге өзгерістер енгізу тек ПРК рұқсаты бойынша ғана жүргізіледі және міндетті түрде оның қолы қойылған құжатпен ресімделеді. ӨЖ-нің өзгертілген нұсқасынан алынған парақтар өзгерістер енгізуге рұқсат беру туралы құжатпен бірге сақталады.

Түпнұсқаға және ескерілген жұмыс даналарына өзгерістер енгізу ҚарМТУ ДП 01 - 2018 талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Сақтауға берілген ӨЖ-ге өзгерістер туралы хабарлама шығаруға тек РАТК ғана құқығы бар.

Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер енгізу үшін РАТК жауапты болады.

## **8 Келістіру және қолданысқа енгізу**

ПП келісіледі:

- сапа жөніндегі басшылықтың өкілі;
- ТІ жөніндегі проректор;
- ЗҚ басшысы;
- ПОҚ және қызметкерлер кәсіподақ комитетінің төрағасы.

ПП-ны ҚарМТУ ректоры бекітеді.

## **9 Құжатты тираждау және тарату**

Осы ПП-ны тираждау және тарату ҚарМТУ 01-2018 ДП-ға сәйкес жүргізілуі тиіс.

## **10 Сақтау**

ПП қызметкердің назарына «Танысу парағында» (В қосымшасы) түпнұсқада және ПП көшірмесінде қол қою арқылы жеткізіледі. Бекітілген нұсқаулықтың танысқандығы туралы қолы қойылған данасы ол жұмыс істейтін құрылымдық бөлімшеге беріледі, ал түпнұсқасы КМД-ға сақтауға беріледі.

А қосымшасы  
(анықтамалық)

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті  
Рухани-адамгершілік тәрбие жөніндегі кеңестің  
жұмыс жоспары

«Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті» РМК ҚР Б және ҒМ	<b>Рухани-адамгершілік тәрбие жөніндегі кеңес туралы ереже</b>	ПП 69 - 2018 01 нұсқа Күні 2018.09.05 11 беттің 10-беті
--	--	--

\_\_\_\_\_ - \_\_\_\_\_ оқу жылына

№	Іс-шаралар	Орындалуына жауапты	Орындау мерзімі
<b>I. Жас ұрпақты қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу</b>			
<b>II. Азаматтық-құқықтық тәрбие</b>			
<b>III. Адамгершілік-эстетикалық тәрбие</b>			
<b>IV. Еңбек тәрбиесі</b>			
<b>V. Ұлтаралық тәрбиені қалыптастыру</b>			
<b>VI. СӨС қалыптастыру</b>			
<b>VII. Діни экстремизмнің алдын алу</b>			

**ТІ жөніндегі проректор**

\_\_\_\_\_

**РАТК төрағасы**

\_\_\_\_\_







«Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті» РМК ҚР Б және ҒМ	<b>Рухани-адамгершілік тәрбие жөніндегі кеңес туралы ереже</b>	ПП 69 - 2018 01 нұсқа Күні 2018.09.05 11 беттің 10-беті
--	--	--

## Библиография

- [1] «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. № 319-3 Заңы.
- [2] Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі.
- [3] Қазақстан Республикасының 01.07.1999 ж. № 409-І Азаматтық кодексі
- [4] ҚарМТУ Жарғысы.
- [5] ҚарМТУ ішкі еңбек тәртіп ережелері.
- [6] «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 09.02.2015 ж. № 285-V ҚРЗ Заңы